

ҒТАР 16.21.61

Ғылыми мақала

Ә.Ә. Рахымбай

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы, Қазақстан
(E-mail: berch.bilig@gmail.com)

Түркітанушы Иштван Қоңыр Мандокидің прагматикалық және тілдік сипаты

Аңдатпа. Бұл мақалада белгілі түрколог Иштван Қоңыр Мандокидің тілдік тұлғасы оның ғылыми дискурсы мен прагматикалық-тілдік ерекшеліктері тұрғысынан қарастырылады. Зерттеу барысында ғалымның терминологиялық таңдауы, ғылыми мәтіндеріндегі концептуалдық құрылымдар, этнолингвистикалық деректерді өңдеу тәсілдері және коммуникациялық стратегиялары талданады. Мандокидің ғылыми ойлау жүйесі тілдік құралдар арқылы қалай көрініс табатыны, сондай-ақ оның түркологиядағы жаңа теориялық бағыттарға әсері анықталады. Мақалада ғалымның прагматикалық-тілдік сипаты сипатталы отырып, Мандоки мұрасының мәдени-тарихи және лингвистикалық құндылығы көрсетіледі.

Түйін сөздер: Иштван Қоңыр Мандоки; тілдік тұлға; дискурс; прагматика; лингвистикалық бейне; этнолингвистика; құман-қыпшақ мұрасы

DOI: <https://doi.org/10.71078/5b6fsh29>

Түсті: 18.02.2026; Мақұлданды: 27.03.2026; Онлайн қолжетімді: 04.04.2026.

Кіріспе

Түркі дүниетанымын, оның тарихи-мәдени тамырларын жаңа деңгейде танытқан көрнекті ғалымдардың қатарында Иштван Қоңыр Мандоки есімі айрықша аталады. Ол түркі мұрасын тек ғылыми деректер тұрғысынан ғана емес, рухани-мәдени тұтастықтың феномені ретінде зерделеп, түркітану ғылымына өзіндік ғылыми бағыт әкелді. Мандокидің еңбектерінде қолданылған тілдік құралдар, концептуалдық жүйе, мәтіндердің ішкі прагматикасы мен логикалық құрылымы – оның жеке тілдік болмысын айқындайтын маңызды құрамдас бөліктер болып табылады.

Иштван Қоңыр Мандоки түркітану ғылымына жаңа серпін берген зерттеушілердің бірі. Оның еңбектері құман-қыпшақ мұрасын тарихи-тілдік тұрғыдан жаңаша пайымдауға мүмкіндік берді. Мандокидің тілдік тұлғасы мен прагматикалық стратегиялары оның ғылыми мәтіндері арқылы жан- жақты ашылады. Ол рухани мағыналы да құнды, бірақ қысқаөмір жолында өз еңбектерін ғылыми тұрғыдан дәлелдеп, мойындатып келер ұрпаққа мұра ретінде қалдырып, олардың ғұмырын мәңгілік ете білді. Азиялық түркілер, әсіресе, қыпшақ түркілердің оны қызықтырған себебі, мажар халқының бір бөлігіне айналған қыпшақтардың ата-бабалары Мажарстанның шығысындағы жазық далалы жерге Азиядан келген болатын. Сондықтан, «Сенің тегің – қыпшақ, тамырың – Ұлы Далада. Қолың жетсе баршамызға арман болған Далаға бар. Ата-баба жұртына тағзым ет» – деген, әке аманатын орындауды ол өмірлік мұраты етіп ұстанды (Хинаят, 2007).

Еңбектері ғылыми әдіснама тұрғысында жазылып, көпке үлгі болды. Әрдайым саяхаттап, көп дерек жинаса да, оларды өңдеп жазуға аз уақыт бөлді. Бүкіл саналы ғұмырын мажарлардың көне тарихы мен түркі-мадияр және Дешті-Қыпшақ халқы

арасындағы тарихи байланыстарының тіліне, мәдениеті мен этнографиясына арнаған Иштван Қоңыр Мандоки ата-бабалары салып кеткен жолмен Орта Азияға қарай қайта көпір салды (Ұлы даланың..., 2008).

Егер рухани мағыналы, құнды өмір жолын кешпеген көптің бірі болса, мұндай қысқа ғұмыр кешкен адам тез-ақ ұмытылып қалар еді.

Тақырыптың зерттелу дәрежесі

Мандоки қандай қызмет істеді, соңына шын мәнісінде қандай мұра қалдырды? Ғылыми қызметін қозғаушы күш онын ішкі рухы, қыпшақтар, мажар-қыпшақ байланысына қатысты мәселелер еді. Жазған еңбектері де осы төңіректе өрбіді. Азиялық түркілер, әсіресе, қыпшақ-құман түркілерінің тарихи, тілі мен мәдениеті Мандокиді қызықтырған себебі, мажар халқының бір бөлігіне айналған құман-қыпшақтардың ата-бабалары Мажарстанның шығысындағы жазық далалы жерге Азиядан келген болатын. Осы негізде ғалымның ғылыми қызметін үшке бөліп қарастыруға болады: қыпшақ-түрік филологиясы мен этнографиясы, Мажарстан қыпшақтары және мажарлардың көне тарихы. Ал, негізгі еңбегі болып табылатын «Мажарстандағы қыпшақ тілінің ескерткіштер туралы» атты кітабы ғылыми жаңалығы үшін болашақ зерттеулерге жол ашты (Mándoki, 1993).

Ғалым қыпшақ тіліндегі ескерткіштерді екіге бөліп қарастырды: тұтас мәтінді және үзік мәтінді ескерткіштер (үзінділер). Тұтас мәтіндерден бүгінге жеткені қыпшақ тіліндегі *Kun miatyánk* мәтіні (Біздің атамыз дұғасы) және Балалар санамағы. Санамақ еңбегі – жаңалығы мол, батыл филологиялық пікірлерге толы көркем тарауы. Түсінбестей етіліп бұрмаланған санамақтарды тілдік тұрғыдан қайта жаңғыртып басқа түркі халықтарының ұқсас санамақтарымен теңестіреді. Ал, *Kun miatyánk* мәтіні мажар-құман байланыстары тұрғысынан талданып, оның қыпшақтық табиғаты нақты тілдік деректер арқылы негізделеді. Мәтіндегі фонетикалық сәйкестіктер мен морфологиялық құрылымдарды жүйелеп, оның қыпшақтық қабатын дәлелдеуге ұмтылды (Mándoki, 2012).

Үзік мәтіндерді (үзінділерді) зерттеу барысында мажар тіліндегі қыпшақ кірме сөздерін қарастырады (бичак- пышақ, чанак- шанақ, чакань- соқа, кобоз- қобыз, кобак- қабак, комондор- құман, қыпшақ ит тұқымы, тозег-тезек т.б.). Кей ретте бұларды мажар тіліндегі печенег-оғыз кірме сөздерінен ажырату қиын. Бұдан әрі Куншаптағы *кун* төркінді диалектілерді талдайды. Осы тарауда көп жаңалықтар ашады. Мәслен *онток* (нан үгінтісі, ұнтағы) және *байца* (бұйрық, рұқсат) сөздері. Қазіргі мажар тіліндегі *байца* сөзі XIII ғ. монғал-татарлар әкелген татардың *байса* сөзінен шығады. Бұл сөзді татарлар қытай тілінен *пайцзе* сөзін мағынасын сақтай отырып алған. Келесі кезекте қыпшақ тіліндегі *жер-су* және *адам аттары* (Mándoki, 2012). Мандоки осы тұста тың ойлар айтады. Алайда бұл ойлары арқылы алдағы көп зерттеулерге берген тапсырма іспетті. Ғалым көне көздер тірі тұрғанда тілдік материалдарды жинап қалуға тырысқан, ал мұрағаттану және туу туралы куәліктерден материал жинақтау күте тұрады, зерттеушілер кейін де үлгереді деп ұқса керек. Бұл мәселе төңірегінде табылар жаңалықтарға жол ашатын және қыпшақ ономастикасында қарастыруға болатын материалдар мол. Ғылыми мұрасындағы мұндай құман-қыпшақ деректерге ғалым тарихи-диахрондық сипаттама бере отырып талдайды. Әсіресе мажар тіліндегі қыпшақ қабаты жөніндегі зерттеулері оның методологиялық ұстанымынанық көрсетеді (Mándoki, 2021).

Мандоки айналысқан үшінші мәселе – көне мажар тарихының түркілерге қатысты тұстары. Ол Дьюла Неметтің башқұрт этимологиясы жаңсақ, келтірген башқұрт тайпа аттары мажар тайпаларының аттарына сәйкес келмейді деп көрсетіп берді. Мәселен башқұрттың *Йәнәй* тайпа аты *Йанай* деген кісі атынан туады, бұл жан сөзінің – ай кішірейту жұрнақты түрі дейді. Ақырында жалғыз Дьярмат сөзі башқұрттың

Йурматы сөзінен шыққан боп қалады. Бұл сөз туралы да әлі даулы пікірлер бар. Бұдан басқа мажартіліндегі түркі кірме сөздері козма-қаспақ, бертү-бүртік, дьон-жуын (діни мағынадағы күнәдан арылу), тилт-тый, бир-бұйыр және көптеген сөздер туралы бірнеше мақалалар жазды (Mándoki, 2012). Мандокидің тілдік қолданысындағы осындай этнографиялық атаулар, көшпелі өркениетке тән лексика, әлеуметтік құрылым мен әскери терминология жиі кездеседі. Бұл оның түркі әлемінің мәдени-тілдік кеңістігін табиғи түрде сезінгенін, ғылыми тілін сол рухпен тоғыстырғанын дәлелдейді.

Сонымен қатар, ғылыми тіліндегі негізгі ерекшеліктің бірі – терминдерді абсолютті дәлдікпен қолдануы. Тарихи этнонимдер мен тілдік қабаттарды нақты хронологиялық сәйкестікпен беру арқылы жаңа ғылыми дәлдік стандартын қалыптастырды. Оның айналысқан ғылыми еңбектерінде *cuman*, *kipchak*, *kun* атауларының нақты тарихи қызметі ажыратылып қолданылады. Ал, мажар тіліне енген қыпшақ элементтерінің фонетикалық-морфологиялық өзгерісі де дәл сипатталып, этнолингвистикаға қатысты бірқатар жаңа ұғымдар ғылыми айналымға енгізіледі (Mándoki, 1993).

Нәтижелер мен талқылаулар

Мандоки дүниетанымына тән концептілік жүйе ретінде «Түркілік рухани тұтастық» концептісі саналады. Оның ғылыми танымында түркі халықтарының тарихи сабақтастығы, қыпшақ өркениетінің мәдени бірегейлігі, кун-мадьяр байланыстары басты концептуалдық өзек ретінде көрінеді. Ғалым “қыпшақ” ұғымын жай тілдік категория деп емес, кең ауқымды тарихи-рухани феномен ретінде қарастырды (Өтемісұлы, 2000). Оның мәтіндерінде тұрақты көрініс тапқан негізгі концептілер: қыпшақтық кеңістік, құмандық мұра, тіл – тарихи жад, мәдени сабақтастық, түркілік бірлік, қоңыр болмысы.

«Қоңыр» ұғымы – ғалымның мәдени-рухани бейнесін көрсететін символдық атау. Бұл концепт этнолингвистикалық тұрғыдан ұлттық мінез, байсалдылық, табиғилық сияқты мазмұндармен толығады (Негимов, 2012). Ол ғалымның қазақ рухына жақындығын, табиғилық пен сабырлылыққа негізделген дүниетанымын көрсетеді.

Мандоки еңбектеріндегі мәтіндердің прагматикалық мақсаты түркінің тарихи-мәдени тұтастығын нақты тілдік деректер арқылы дәлелдеу болып табылады. Себебі, ғалым көп дереккөзді салыстыра отырып, жүйелі талдау жасай алды және тілдік материалды тарихи қозғалыспен байланыстырды. Ал, этнонимдердің шығу тегін болса, кешенді түрде қарастырып, тілдік қабаттар мен мәдени құрылымдардың диахрондық байланысын ашып көрсетеді (Хинаят, 2007)

Ғалымның еңбектерінің ғылыми стилі айқын құрылымымен, ғылыми тұжырымның логикалық құрылысымен және тілдік материал мен мәдени ақпаратты бір арнаға тоғыстыруымен ерекшеленеді. Оның әрбір мәтіні зерттеушінің дүниетанымдық адалдығын, түркінің мәдени кодына деген құрметін көрсетеді. Мұндай стильді лингвистикалық дәстүрлер қатарында Голден, Вашари және Клаусон еңбектерімен салыстыруға болады (Қинаятұлы, 2014).

Мандоки Еуропадағы қыпшақ-құман мұрасының тілдік қабатын зерттеудің жаңа бағытын ашты. Оның еңбектері мажар және түркі тілдерінің тарихи байланысын кешенді сипаттаумен ерекшеленеді. Сонымен қатар, ғалымның этнолингвистикалық тәсілдерді жүйелі қолдануы түркологиядағы жаңа ғылыми тұжырымдарға негіз болды.

Қорытынды

Ғалымның тілдік тұлғасы – түркологиядағы тұтас бір ғылыми дәстүрдің бастау көзі. Оның ғылыми тіліндегі дәлдік, әдіснамалық жаңашылдық, мәдени-танымдық тереңдік қазіргі зерттеушілерге үлгі болатындай құндылыққа ие. Оның тілдік және прагматикалық болмысы түркі мәдени кодын тануда жаңа бағыттарға әсер етіп отыр. Ол түркітану ғылымына жаңаша серпін берген, тілдік тұлғасы ерекше, прагма-дискурстық

стратегиясы айқын ғалым. Оның ғылыми мәтіндері тұлғалық болмысының айнасы ретінде түркі өркениетінің мәдени тереңдігін, тарихи-этнолингвистикалық тамырын паш етеді. Мандокидің тілдік тұлғасын прагма-дискурстық тұрғыдан талдау – түркітануда ғылыми мектеп қалыптастырған тұлғаның рухани-ғылыми әлемін тануға жол ашады. Ғалымның ғылыми мұрасы бүгінгі лингвистика мен этнолингвистиканың өзекті бағыттарымен үндесіп, жаңа зерттеулерге негіз бола алатыны сөзсіз.

Әдебиеттер тізімі

- Қинаятұлы, Б. (2014). Түркі әлемінің ынтымағы үшін тер төккен ғалым. *Тілтаным*, 1, 125-126.
- Негимов, С. (2012). *Тілдік тұлға және мәдениет*. Астана: Фолиант.
- Өтемісұлы, С. (2000). Мандоки Иштван Қоңыр жөнінде естелік. *Тамыр. Тамыр. Art culture philosophy*, 1(2), 63-72.
- Ұлы даланың біртуар ұланы (2008). «Ұлы тұлғалар» атты ғылыми-ғұмырнамалық серия. Алматы, ОҒК.
- Хинаят, Б. (2007). Мажарстан түркологиясы: құман-қыпшақ текті ғалымдар және Мандоки Қоңыр Иштван. *Қазақ тілінің тарихы: алтай дәуірі – прототүрк кезеңі – көне түркі ескерткіштері: Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары*. Астана.
- Хинаят, Б. (2007). Түрколог Қоңыр Иштван. *Қазақ әдебиеті*, № 48, 3.
- Mándoki, K.I. (2012). *Kunok és magyarok*. Budapest: Molnár Kiadó.
- Mándoki, K.I. (2021). *Newcomers from the East (Hungarians and Kipchak-Turks in Europe)*. Budapest: Molnár Kiadó.
- Mándoky, K.I. (1993). *A kun nyelv magyarországi emlékei*. Karcag.

References

- A unique son of the Great Steppe*. (2008). Scientific-biographical series “Great Personalities”. Almaty: OGC.
- Khinayat, B. (2007). Hungarian Turkology: Scholars of Cuman-Kipchak origin and István Qongyr Mandoki. In *History of the Kazakh language: Altai period – Proto-Turkic period – Old Turkic monuments: Proceedings of the international scientific-theoretical conference*. Astana.
- Khinayat, B. (2007). Turkologist István Qongyr. *Qazaq Adebieti*, 48, 3.
- Mándoki, K. I. (2012). *Kunok és magyarok*. Budapest: Molnár Kiadó.
- Mándoki, K. I. (2021). *Newcomers from the East (Hungarians and Kipchak-Turks in Europe)*. Budapest: Molnár Kiadó.
- Mándoky, K. I. (1993). *A kun nyelv magyarországi emlékei*. Karcag.
- Negimov, S. (2012). *Linguistic personality and culture*. Astana: Foliant.
- Otemisuly, S. (2000). Memoirs about István Qongyr Mandoki. *Tamyr. Art Culture Philosophy*, 1(2), 63–72.
- Qinayatuly, B. (2014). A scholar who worked for the unity of the Turkic world. *Tiltanym*, 1, 125–126.

A.A. Rakhymbay

Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan
(E-mail: berch.bilig@gmail.com)

The Pragmatic-Linguistic Features of Turkologist István Kongur Mandoky

Abstract. This article examines the linguistic persona of the prominent Turkologist István Kongur Mandoky through the lens of pragmatic and discursive analysis. The study explores his terminological preferences, the conceptual framework of his scholarly texts, methods of interpreting ethnolinguistic data, and communicative strategies. Particular attention is given to how Mandoky's cognitive orientation and cultural worldview are reflected in his linguistic choices and academic discourse. The article highlights the significance of his pragmatic-linguistic approach and demonstrates his contribution to the development of Turkology and the study of the Cuman – Kipchak heritage.

Keywords: István Kongur Mandoky, linguistic persona, discourse, pragmatics, linguistic profile, ethnolinguistics, Cuman – Kipchak heritage.

А.А. Рахымбай

Қазақстанның ұлттық университеті атындағы Әл-Фараби,

Алматы, Қазақстан

(E-mail: berch.bilig@gmail.com)

Прагматико-лингвистические характеристики тюрколога Иштвана Коныра Мандоки

Аннотация. В статье анализируется языковая личность известного тюрколога Иштвана Коныра Мандоки с точки зрения его прагматико-языковых и дискурсивных характеристик. Рассматриваются особенности его терминологического выбора, концептуальная структура научных текстов, методы интерпретации этнолингвистических данных и модели научной коммуникации. Автор выявляет, каким образом когнитивные принципы и культурные смыслы отражаются в научном языке Мандоки, а также какую роль его наследие играет в развитии современных направлений тюркологии. Акцентируется ценность его прагматико-языкового подхода и его вклад в изучение куманско-кипчакского наследия.

Ключевые слова: Иштван Коныр Мандоки, языковая личность, дискурс, прагматика, лингвистический портрет, этнолингвистика, куманско-кипчакское наследие.

Автор туралы мәлімет:

Рахымбай Ә.Ә. – PhD докторант, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., Қазақстан. ORCID ID: <https://orcid.org/0009-0001-6843-0774>

Информация об авторе:

Рахымбай А.А. – PhD докторант, Қазақстанның ұлттық университеті атындағы Әл-Фараби, г. Алматы, Қазақстан. ORCID ID: <https://orcid.org/0009-0001-6843-0774>

Information about authors:

Rakhymbay A.A. – PhD student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan. ORCID ID: <https://orcid.org/0009-0001-6843-0774>



Бұл жұмыс Creative Commons Attribution-Коммерциялық Емес 4.0 Халықаралық лицензиясы бойынша лицензияланған.
This work is licensed under Creative Commons Attribution-Noncommercial 4.0 International License